

СҮМБІЛЕ



№3
18.08.05

«Елдің» ғылыми-танымдық басылымы мақалаларының авторы жазушы-фантаст Жүніс САХИЕВ

Өшпейтін

Адам айтса ианысыз

ның ізі теренірек түседі.

Осындай зерттеулер арқылы тек қана адам баласы емес, жыртықштардың жеңіл, ауыр маши-

күмтегісінен түп-тура мұхитқа қарай кеткен бір ер адам мен екі арыстанның іздерін байқады. Зерттей келгенде, ол үшеуі де

ндегі барлық аймаққа тән.

Сол ерекшелігіне қарамастан із ойықтарына күм себіліп, жер бетімен бірдей болып ізім-ғайым болмаған. Ғалымдардың назарын алғаш аударған да осы еді. Екінші тандандырған нәрсе, іздердің laidан күйіліп, кеуіп қалғандай қаттылығы. Ал ол жерде, қызық болғанда, күмнан өзге ештеме жоқ. Бұл – айдан анық. Үшіншісі – іздердің жер бетінде қолмен ойып салғандай пайда болып, тікелей тіке мұхит тереніне қарай тартып кететінінде...

Ғалымдар пікірлесе келе, ол іздердің ойықтарын күммен толтырады. Сөйтіп, алаңсыз ұйқыға жатады. Ертеңіне қараса, әлгі іздер сол кешегі қалпында. Таңданыс пен күмән арта түседі. Суретке, бейнефильмге олай да, бұлай да түсіріп алған ғалымдар, іздерді тағы да күммен жауып, “Енді қайтер екен? Кім келіп іздерді күмнан тазартар екен?” – деп түнімен көз ілмей күзетеді. Қанша қорқынышты, күмәнді болса да шыдап бағады. Ешкім келмейді, ештеме дыбыс бермейді, іздер де сол күм астында қалады. Оған мәз болған ғалымдар таңғы серуен жасамақ болып, айнала-төңіректі қараса, әлгі ізден 200 метрдей жерде тап сол іздер сайрап жатыр.

Ғалымдар ол іздердің бекер емес, бір ғаламат күшке бейімделген құпиямен байланысып

көшпелі ІЗ

3,7 млн жыл бұрынғы гоминидтің ізі



Адам мен екі арыстанның іздері

Дүние әлемі мен Күн жүйесі, оның бір мүшесі Жер – анамыздың жаралғанынан бергі өткен уақытта кара топырақ пен тау-тасқа, су асты мен су жағасына түскен іздер сан мың. Із бен таңба болмаса, ғылым біздің жаратылысымыз жөнінде, өмір сүріп өткен ұлы адамдарымыз бен ұлы оқиғалар жөнінде мәлімет бере алмаған болар еді. Ендеше, дүние әлемін танып білу іздерден бастау алады. Із – кең ұғым. Әуелгісі органикалық із. Ол күллі тіршілік иелерінің ұрпақ тарату арқылы қалдырған ізі. Онан кейінгісі сол тіршілік иелерінің өздерінің және өздерінен тараған ұрпақтарының жер бетінде, су астында қалдырған іздері. Адам мен жануарлардың, құстар мен қос мекенділер, бауырымен жорғалаушылардың қаңқа сүйектері, олардың жеке сақталған бөліктері де із болып табылады.

Адам баласының бүгіндегі із қалдырудағы әрекеті ерекше күрделі. Біз “Соңына өшпейтін із қалдырған” деген сөз тіркесін жиі естиміз. Ал, оның аясында неше-қилы әрекеттер мен еңбектер жатыр. Адамның әуелгі басты ізі оның өмірде қал-

дырған ұрпағы. Одан кейін өзінің табиғи қабілетіне қарай жасаған еңбегі. Үй салу, күмбез тұрғызу, ағаш отырғызу, кітап жазу, ән шығару – осының бәрі де адамның соңына қалдырған айқын ізі. Кім-кім де дүниеге шыр етіп келіп, есейіп, ер жетіп, білім алған соң елі үшін еңбек етіп, соңына өшпейтін, еліне пайда келтіретін із қалдыруды ойлайды. Оның жолын іздейді. Тіпті, адамның бала кезден өз есімін тау-тасқа жазып қалдырып жататынын жиі кездестіреміз. Тау-тастардағы, кең даладағы тастардың бетіне жазып қалдырған ата-бабаларымыздың жазулары да өшпейтін із. Бүгінде оны қастерлеп, мұражайда сақтап, жазудың мәнін түсініп, олардан ғибрат алып та жүрміз.

Ертедегі адамдардың өз азығын із арқылы тауып отырғаны да белгілі. Аюдың ізі, қасқырдың, түлкі мен қоянның, арқарлардың іздері адамға бағыт сілтеп беріп отырды. Ізді шопандар мен аңшылар жақсы білді. Олар қай тіршілік иесінің қай кезде жүріп өткенін, олардың нешеу екенін де болжап біле алды. Сол тәжірибелері арқылы малға қатер төндірген жыртықштарды дер кезінде тауып ала алды. Із жөніндегі ғылымды трассология деп атайды. Ол француздың “igase” – із деген сөзінен шыққан. Ғылымның бұл саласы іздерді үш салаға бөліп қарайды. Біріншісі – көлемді іздер. Оған жалпақ тастар мен қатты тегіс жерлерге түскен таңбалар, жыралар мен тау-тастағы үңгірлер мен тесіктер жатады. Екіншісіне тіршілік әрекетінен туындаған, түскен із, сүйек-саяқ жиындысы са-

налады. Оны жер беті іздері дейді. Химиялық және термиялық әсерлерден болған жер бетіндегі және үлкен іздер делінетін үшінші топқа жатқызылады. Ал, жалпы тіршілік иелерінен қалған ізді, мейлі ол жер бетінде, мейлі ол су түбінде болсын, оларды икнология және палеоикнология ғылымдары зерттейді. Бүгінде ақпарат жүйелерінен Жер шарының әртүрлі аймақтарынан табылып жатқан ірі тіршілік иелері мен үлкен адамның сүйек қаңқасы мен табан іздерінің табылып жатқанын жиі естіп жүрміз. Адамның із арқылы оның бойының ұзындығын, аяқ киімінің қандай екенін, оның қандай жылдамдықпен жүріп өткенін айқындауға болады. Сондай-ақ ғалымдар із арқылы адамның жас не жасамыс екенін де оңай ажырата алады. Шал адамның ізі сол шайқалақ болып түссе, жас бала-

налардың дөңгелектерінің іздері арқылы да көптеген құпия сырларды аша алады. Бірақ, солай бола тұрғанмен де із құпияларының бәрі бірдей ашылып, бәрі бірдей сақтала бермейді. Ұзақ уақыттағы жел мен жаңбыр, қарлы бораң, су тасқыны мен пайда болған көл мен қырат ол іздерді жасырып қалады. Таңба мен із қалпында сақталуы үшін ауасыз кеңістік қажет болмақ. Бұл тұрғыдан келгенде, Айға барып, оның шаны тез көтерілетін қалың топырағына түсірген ғарышкерлердің іздері миллиондаған жылдар бойына сақталатынына еш күмән жоқ.

Дегенмен де, трассология мен икнология ғылымдарының мамандары адам айтса нанғысыз бір құпияның куәгері болды. Олар Оңтүстік-батыс Африкадағы Атлантика жағалауын бойлай созылып жатқан жіңішке Намиб



Айдағы ғарышкер ізі

мұхитқа қарай асығып-аптығып жүрген. Ол адам қадамының алшақ-алшақ басылғанынан аңғарылды. Табан ізі кәдімгі красовканың ізі. 43 мөлшерлі аяқ киім екен. Жағалаудың рельефі мейлінше тегіс болып келетіндіктен ол іздерді байқау қиындық тудырмайды. Бірақ дала болған соң, күм болған соң, ара-тұра жел мен күм суырындысы көтерілгендіктен өзгерістер де болмай қалмайды. Бұл жер беті-

жатқанын түсініп, ұшатын беймәлім дөңелерді зерттеумен айналысатын мамандарға жүгінеді. Олар бұл құбылыстың ғарыш әлемімен байланысып жатуы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Бірақ әлі күнге дейін ғарыш әлеміне бір адам мен екі арыстанның қандай қатысы бар екеніне ешкім нақтылы жауап бере алмайды.